

БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТҮСУ ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫ ҮШІН

+7 727 2704213, +7 707 170 42 13, +7 707 505 42 13/uao@kimep.kz/www.kimep.kz
Facebook/Instagram: KIMEP/KIMEP University

КИМЭП Университеті оқуға түсу барысында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі немесе осы тілдерге куәландырылған аудармасымен құжаттарды қабылдайды.

1-ҚАДАМ. ОНЛАЙН ӨТІНІШ БЕРУ

Талапкер порталы тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн қолжетімді

1. Талапкер порталында онлайн сауалнаманы толтыру: <https://www.kimep.kz/ext/application/online/kk-KZ/>
2. Порталға сканерленген жеке куәліктің көшірмесін жүктеу
3. Бар болған жағдайда мерзімі бойынша жарамды IELTS/TOEFL сертификаттарының көшірмелерін жүктеу
4. Сандық фото
Өзіңіздің сандық фотосуретіңізді нақ «Фото» өрісіне жүктеу өте маңызды, өйткені КИМЭП-тің барлық департаменттері сіздің тұлғаңызды сәйкестендіру үшін осы жердегі сіздің суретіңізді пайдаланатын болады. Ажыратымдылығы 300 ppi (дүйімға пиксель), өлшемі 8 МП-ден (мегапиксель) кем емес, төмен сығылыммен (жоғары сапа) JPEG форматындағы сандық фотосурет.
5. Гранттар мен қаржылық қолдау алуға конкурсқа қатысу үшін 9-11-шы сыныптарда республикалық және/немесе халықаралық олимпиадалар мен конкурстардағы жүлделі орындар үшін алған грамоталар мен марапаттардың көшірмелерін жүктеу қажет.

Гранттар мен қаржылық қолдау мәселелері бойынша келесі байланыс телефондары арқылы хабарласу қажет:
+7 727 2704316, ұялы/ватсап +77079704316, finaid@kimep.kz

2 -ҚАДАМ. НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ КӨШІРМЕЛЕРІН ЖҮКТЕУ

Бұл секциядағы құжаттар бірден олардың тиісті түпнұсқаларын алғаннан кейін тапсырылады

1. Орта білімі туралы аттестаттың көшірмесі (қосымшасымен)
2. Талапкер порталындағы ҰБТ секциясында ТЖК нөмірі мен ҰБТ сертификаты бойынша алған баллдарды көрсету қажет

3-ҚАДАМ. КИМЭП ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНА ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАЛАРЫН ТАПСЫРУ

Бұл секциядағы құжаттар дайын болуына қарай тапсырылады

1. Орта білімі туралы аттестаттың түпнұсқасы (қосымшасымен)*
ҰБТ өту балын ҚР Білім және Ғылым Министрлігі белгілейді.

Бірыңғай ұлттық тестілеудің таңдау және бейінді пәндер бойынша пәндерді көрсетумен мамандықтар тізбесі

Мамандық	Шекті балл	Таңдау бойынша пән	Бейінді пән
Экономика Менеджмент Есеп және аудит Қаржы Мемлекеттік және жергілікті басқару Маркетинг	жалпы саны кемінде 50 оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық бойынша кемінде 3 басқа пәндерден кемінде 5	География	Математика
Халықаралық құқық Құқықтану	жалпы саны кемінде 75 оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық бойынша кемінде 3 басқа пәндерден кемінде 5	Дүниежүзі тарихы	Құқық негіздері
Халықаралық қатынастар Саясаттану Аударма ісі	жалпы саны кемінде 50 оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық бойынша кемінде 3 басқа пәндерден кемінде 5		
Когнитивті ғылымдар	жалпы саны кемінде 50 математикалық сауаттылық бойынша кемінде 8 оқу сауаттылығы бойынша кемінде 3 басқа пәндерден кемінде 5	Шетел тілі	Дүниежүзі тарихы
Шетел тілі: екі шетел тілі <i>*педагогикалық бағыт</i>	жалпы саны кемінде 75 оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық бойынша кемінде 3 басқа пәндерден кемінде 5		
Ақпараттық жүйелер Компьютерлік ғылымдар	жалпы саны кемінде 50 оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық бойынша кемінде 3 басқа пәндерден кемінде 5	Математика	Информатика
Журналистика <i>*ҰБТ-дан Қазақстан тарихы мен оқу сауаттылығы баллдары ескеріледі Шығармашылық емтихан онлайн форматта</i>	Шығармашылық емтихан (эссе және жазбаша сұхбат)	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
Психология	жалпы саны кемінде 50 оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық бойынша кемінде 3 басқа пәндерден кемінде 5	География	Биология

*Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттарда қазақ немесе орыс тіліне нотариалдық куәландырылған аудармасының болуы және бірінші академиялық семестрде нострификациялау/тану рәсімінен өтуі тиіс.

КИМЭП Медицина Орталығына медициналық құжаттардың түпнұсқасын тапсыру

1. Қазақстан азаматтарына берілетін 075/у медициналық анықтамасы немесе шетелдік азаматтар үшін осы анықтаманың баламасы. КИМЭП Медициналық орталығы медициналық анықтаманың баламасының нотариалды расталған аудармасын талап етуі мүмкін, сондықтан шетелдік студенттерге медициналық тексерістен Алматыға келгеннен кейін өтуге кеңес береміз.
2. Екі дәрігердің қолы мен екі дәрігерлік мөрі бар флюорографиялық түсірілімнің түпнұсқасы (мерзімі 6 айдан аспаған анықтама ғана жарамды).
3. Егу картасының көшірмесі (ф-065/у)

Медициналық орталығы: тел. +7 (727) 237 48 05 (ішкі нөмірі 1324/1325), электрондық пошта: med.center@kimep.kz

Құжаттардың түпнұсқаларын курьерлік пошта қызметін пайдалана отырып жіберуге болады: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғ. 4, офис 103, 103А, 107 – Қабылдау комиссиясы

4-ҚАДАМ. АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ

KEPT тестіне қатысу үшін онлайн сауалнаманы толтырып Талапкер Порталында жеке куәліктің көшірмесін жүктеу қажет: <https://www.kimep.kz/ext/application/online/ru-RU/>

Сіз тестілеу өткізу кестесімен келесі сілтеме бойынша КИМЭП сайтынан таныса аласыз: <https://kimep.kz/prospective-students/ru/admission/kimep-university-tests-schedule/>

Тест нәтижелері келесі сілтеме бойынша қолжетімді: <https://kimep.kz/prospective-students/ru/admission/>

Мерзімі бойынша жарамды халықаралық сертификаттарын көрсеткен жағдайда талапкер KEPT тестін өтуден босатылады.

Level of English Foundation Course	KEPT	CEFR+	Academic IELTS	TOEFL IBT	TOEFL (computer)	Duolingo
Academic English	80-100%	B2 mid	5.5 (not less than 5.0 in each section)	70	193 (with no sub score below 25)	105 & above (not less than 100 in each section)
UF A	51-79%	B1 mid	4.5 (not less than 4.0 in each section)	57-69	163-192 (with no sub score below 17)	95-104 (not less than 90 in each section)
UF B	30-50%	A1+	3.5 (not less than 3.0 in each section)	27-56	83-162 (with no sub score below 10)	80-94 (not less than 75 in each section)
UF C	< 30 %	Beginner or False Beginner	<3.0	<26	<82	79 & below

5-ҚАДАМ. ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМДІ БІЛУ ЖӘНЕ БІЛІМДІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНА ҚОЛ ҚОЮ

1. Электрондық пошта КИМЭП Университетінің талапкермен ресми байланыс арнасы болып табылғандықтан онлайн өтініште көрсетілген электрондық поштаның адресі студенттер қатарына қабылдау кезінде жарамды болуы тиіс.
2. КИМЭП Университетіне қабылдану туралы хабарлама Сіздің электрондық поштаңызға жіберілетін болады және Талапкер Порталындағы «Acceptance Package» секциясына орналастырылады.
3. Білімдік қызмет көрсету шарты да Сіздің Талапкер Порталындағы «Acceptance Package» секциясына орналастырылатын болады. Өзіңіз басып шығарып, қолыңызды қойған шарттың екі көшірмесін пәндерге тіркелу аяқталғанға дейін Қабылдау комиссиясына тапсыруыңыз керек.

6-ҚАДАМ. ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕЛУ

Сабақ кестесін құрастыру, төлем ақысын есептеу және пәндерге тіркелу мәселелері бойынша Студенттерді академиялық қолдау орталығына хабарласу қажет: тел: +7 727 2704268 (ішкі нөмірі 3175/3213), 2704310 (ішкі нөмірі 3157), WhatsApp +7 701 309 16 24, advising@kimep.kz